

**6D010300/8D01101- «Педагогика және психология» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Кастаев
Серик Канатовичтің «Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық
іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыру»
тақырыбындағы диссертациясына**

Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамыту мәселесінің көрсетілуі, Қазақстан Республикасының жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартындағы, «Білім туралы» және «Педагог мәртебесі туралы» Заңдарындағы болашақ мұғалімдерді даярлау талаптарының артуы мен «Педагог» кәсіби стандартындағы мұғалімдердің кәсіби даярлығының болуы С.К.Кастаевтың диссертация тақырыбының мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келетінін дәлелдейді. С.К.Кастаевтың жұмысы болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін мектеп практикасындағы оқу жұмыстарына сәйкес педагогикалық тапсырмалар мазмұны арқылы жетілдіруге арналған педагогикалық ғылым дамуындағы өзекті мәселелерді қамтиды.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама	Докторанттың диссертация тақырыбы: - Білім және ғылым саласындағы зерттеулер; - Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер сияқты Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым

		аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми- техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	С.К. Кастаевтың диссертациялық жұмысы ғылыми маңыздылығы және ғылымға елеулі үлес қосқандығы ЖОО білім алушыларының ұйымдастырушылық іскерліктері бойынша даярлаудың өзекті мәселелерін қарастыруымен айқындалады. Оның айғағы ретінде, педагогикалық тапсырмалар технологиясының дидактикалық мүмкіндіктері анықталып, оларды жүйелі орындау педагогикалық ішкі жүйе ретінде қарастырылатыны негізделіп, «болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктері» ұғымын нақтыланып, ғылыми айналымға енгізілуі диссертацияның маңыздылығын ашады. Зерттеу мәселесіне сәйкес құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалуы мен оны жүзеге асыру шарттарының айқындалуы, оны тәжірибеге енгізу мақсатында жасалған әдістемесі педагогикада ғылымына елеулі үлесін қосады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	С.К. Кастаевтың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары. Докторант ғылыми мәліметтерді жүйелілік, бірізділік, ғылымилық принциптерін сақтай отырып диссертация мазмұнын түсінікті тілде баяндаған, құрылымдық тұрғыдан талаптарға сәйкес және ішкі бірлікті үйлестіре отырып жазылған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	С.К. Кастаевтың зерттеу жұмысының өзектілігі толықтай негізделген. Ең алдымен еліміздің ғылым және жоғары білім саласының әлемдік жаһандану үдерісіне кіріктірілуі барысында болашақ

		мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру өзекті мәселе екендігімен негізделген. Екіншіден, диссертациялық зерттеу міндеттерінің мемлекеттік ғылым мен жоғары білім саласын дамыту саясатының негізгі басымдықтарына сәйкес өзектілігі дәлелденген. Үшіншіден, қазіргі жаңартылған білім беру жағдайындағы мұғалімнің атқаратын жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу жұмыстарына сәйкес ұйымдастырушылық іскерліктерді жүзеге асыру қажеттілігі мен оны жүзеге асырудың ғылыми тұрғыдан негізделмеуі арасындағы және жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыру мүмкіндіктерінің жоғарылығы мен оны іске асырудың әдістемелік негіздерінің жеткілікті деңгейде жасалмауы арасындағы қарама-қайшылықтарды шешу мен өзектілігі негізделген.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды;</u> 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	С.К.Кастаевтың диссертациясы мазмұны «Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыру» атты диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды және диссертация мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Зерттеу жұмысының 1-тарауында болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың мәселелері мен педагогикалық тапсырмалар технологиясының мәні, зерттеуге негіз болатын әдіснамалық тұғырлар айқындалса, 2-тарауда болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық кәсіби іскерліктерін қалыптастырудың мәні мен мазмұны, педагогикалық тапсырмалар технологиясының дидактикалық мүмкіндіктері анықталып, құрылымдық-мазмұндық

		моделі жасалып ұсынылады. 3-тарауда болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыру әдістемесі жасалып, оның практикаға ендірілуі мен көрсетілген сапа құраушыларының қалыптасу диагностикасы мен тәжірибелік-эксперимент жұмысы мазмұндалған. Диссертация 3 тараудан тұрады және оның 9 бөлімшесі зерттеу жұмысын толық айқындайды.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеу мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Диссертант зерттеудің мақсатын «болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыруды ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеу, әдістемесін әзірлеу және оны эксперимент жүзінде тәжірибеден өткізу» деп тұжырымдап, оған 4 зерттеу міндеттері арқылы қол жеткізген. Зерттеу жұмысының 1-тарауында болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру мәселесінің зерделенуі және оны жүзеге асырудағы педагогикалық тапсырмалар технологиясы мәнінің айқындалуы мен зерттеу мәселесінің тұрғызылуына негіз болатын әдіснамалық тұғырлардың сипатталуы диссертацияның 1-міндетіне сәйкес екені байқалады. Ал, зерттеудің 2-міндетінің - болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудың мәні мен мазмұны нақтылануы «болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктері» ұғымына берілген автордың анықтамамен толықтырылады және зерттеп отырған дайындық бағытын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Зерттеудің 3-міндеті педагогикалық тапсырмалар негізінде болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін

		қалыптастыру ерекшеліктері мен оны жүзеге асырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жүйе құраушыларынан тұратыны 2-тараудың 3-бөлімшесінде жан-жақты талданып, негізделеді. Зерттеу жұмысының 3-тарауындағы болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін технологиялық карта негізінде жобалап, педагогикалық тапсырмаларды қолдану мен оқыту техникасын жүзеге асыруға сәйкес қалыптастыру әдістемесінің (мазмұны, ұйымдастыру формалары, әдістері, құралдары) жасалуы 4-міндетке толық сәйкес келеді. Осы айтылғандар С.К.Кастаевтың диссертациясының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкестігін дәлелдейді.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыстың үш бөлімі мен құрылысы, яғни жалпы құрылымы және қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі логикалық тұрғыдан толық байланысқан. Бұл ретте диссертациялық жұмыстың ғылыми-теориялық және тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен, зерттеудің негізгі қорытындыларының қисынды бірлігімен сипатталады. Автормен анықталып, 3 бөлімде ұсынылған материалдың бірізділікпен баяндалуы диссертацияның ішкі тұтастығын көрсетеді.

		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздерін анықтауда, негізгі түсініктерді нақтылауда, зерттеудің моделін дайындауда, қалыптастырудың педагогикалық шарттарын нақтылауда, ұсынылған әдістемесінің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеруде сыни талдау бар және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып баға берілген. Автор сыни талдауды және зерттелетін мәселені түсінудің негізінде дәлелді түрде өз шешімін ұсынады.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыс ғылыми жаңашылдық принципіне негізделген, ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. Бірінші жаңалығы толығымен жаңа, болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыру қажеттілігі зерделеніп, қолданылатын педагогикалық тапсырмалар технологиясы сипаттары анықталады және оны жүзеге асыру әдіснамалық тұғырларға негізделетіні мазмұндалады. Екінші жаңалығы толығымен жаңа, болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық кәсіби іскерліктерін қалыптастырудың мәні мен мазмұны «болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктері» ұғымына сәйкес нақтыланады және дайындық құраушылары ретінде анықталады. Үшінші жаңалығы толығымен жаңа, педагогикалық тапсырмалардың дидактикалық мүмкіндіктері айқындалып, аталған даярлықты нәтижелі жүзеге асырудың мазмұндық-мақсаттық, іс-әрекеттік, бағалау-нәтижелілік құрамдары қамтылған құрылымдық-

			мазмұндық моделі жасалады. Төртінші жаңалығы толығымен жаңа, педагогикалық тапсырмалар негізінде болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру әдістемесі жасалған және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріліп, ұсыныстар берілді.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Докторант болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыру қажеттілігін отандық, шетелдік ғалымдардың сәйкес зерттеулерін және психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді зерделеу, талдау жасау арқылы негіздеумен, жеке ойын теориялық тұжырымдай білуімен және қорытынды жасауымен сипатталады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	С.К.Кастаевтың жүргізген зерттеуінде болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру бойынша 3 ұсынысты анықтауға болады. Олар: «Педагогикалық тапсырмалар технологиясы» атты элективті курсты практикаға ендіру; зерттеп отырған дайындықты қамтамасыз етуге бағытталған оқу құралын қолдану; білім алушыларды белсенді ету мен зерттеу отырған сапаны қалыптастыруды жүзеге асыруға бағыттарған педагогикалық тапсырмаларды практикаға ендіру. Диссертация авторының басқа да ұсыныстары қолдауға әбден лайықты, ұсынған шешімдері ғылыми-тәжірибелік негізі технологиялық тұрғыдан толығымен жаңа және негізделген болып табылады. Ол зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдарды оқу процесіне ендіру және тәжірибелік-эксперимент жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен расталған.
6.	Негізгі қорытындылар	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан	Зерттеу жұмысының барлық қорытындыларының негізділігі

	дың негізділігі	қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>/негізделмеген (qualitative research өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	теориялық-әдіснамалық ұстанымдармен, философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттердің алуан түрлілігімен, диссертация мазмұнының, зерттеудің қойылған мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігімен, зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің орынды үйлесімімен, эксперименттік зерттеу нәтижелерін сапалы және сандық талдаудың үйлесімімен, әртүрлі диагностикалық әдістемелер, тәсілдер, құралдар кешенін пайдаланумен қамтамасыз етіліп, ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Атап айтқанда, зерттеу жұмысының теориялық тұжырымдамалары және практикалық нәтижелері 16 ғылыми еңбекте жарық көрген: – scopus халықаралық деректер базасына кіретін журналдарда – (26 % – Q 3, 36 % – Q 3, 56 % – Q 2, 36 % – Q 3,) – 4 мақала; – ҚР ҒЖЖБМ, Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету бақылау комитеті ұсынған басылымдарда – 4 мақала; – Шет елдік және отандық халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында 7 (оның ішінде 5-еуі шетелде өткізілген) ғылыми мақала жарық көрді. – 1 оқу әдістемелік құралы; – 1 авторлық куәлікке ие.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жок</u> 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>;	Докторант С.К.Кастаев диссертациялық жұмысы бойынша ұсынған төрт қағида толығымен дәлелденген. Себебі, ұсынылып отырған тұжырымдар алынған мақсат мен міндеттерден туындаған жұмыстың теориялық және тәжірибелік ұстанымдылығын аңғартады. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар бойынша: 7.1. Қорғауға ұсынылған барлық негізгі қағидаттар дәлелденген. 7.2. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар тривиалды емес.

		2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ	7.3. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар жаңа. 7.4. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар қолдану деңгейі кең. 7.5. Зерттеу жұмысының негізгі қағидаттары ҚР ҒжЖБМ, Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда, халықаралық және республикалық конференцияларда, ғылыми-әдістемелік жинақтар мен журналдарда жарияланған мақалалармен дәлелденген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u>; 2) жоқ	Зерттеу барысында басшылыққа алынған іс-әрекеттік (модельдеу-іс-әрекеттік), интегративті (интегративті-модульдік), жеке тұлғалық-шығармашылық, жүйелілік, құзыреттілік әдіснамалық тұғырлары мен қағидалары ғылыми тұрғыда негізделген. С.К.Кастаев ғылыми әдістерді нақты пайдаланған және тиімділігі дәлелдеген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ	Зерттеудің мақсатын, болжамы мен міндеттерін шешу үшін теориялық және эмпирикалық әдістердің кешені диссертантпен анықталған. Диссертация жұмысының нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу, өзіндік интерпретациялау әдістемелерін пайдаланумен алынған, компьютерлік технологиялардың көмегімен түрлі сызбалар, кестелер, диаграмма, тапсырмалар құрастырылған; тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар математикалық-статистикалық әдістермен өңделген.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған	Теориялық қорытындылар Қожа Ахмет Ясауи атындағы қазақ-түрік, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеттерінде жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмысында дәлелденген және расталған. Болашақ мұғалімдердің

		(педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудағы: «Педагогикалық тапсырмалар технологиясы» элективті курсы; «Педагогикалық тапсырмалар» оқу құралы, педагогикалық және педагогтарға арналған практикум оқыту формаларымен, инновациялық әдіс-тсілдерді қолдану негізінде қол жеткізілген нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған /ішінара расталған /расталмаған	Диссертант ғылыми зерттеу жұмысында өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасай отырып, мәнді мәлімдемелерді растайды. Диссертацияда отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге сілтемелер берілген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті қарастырылған. Зерттеу тақырыбы бойынша алыс жақын шетел және отандық ғалымдардың еңбектеріне жан-жақты талдау жүргізілген. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі – 274.
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	С.К. Кастаевтың диссертациялық жұмысының теориялық маңызы бар. Себебі: - болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған; - болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық кәсіби іскерліктерін қалыптастырудың мәні мен мазмұны нақтыланған; - болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленген; - болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың әдістемесі жасалған және оның

			тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріліп, ұсыныстар берілген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Атап айтқанда, болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыруға негізделген «Педагогикалық тапсырмалар технологиясы» элективті оқу курсы; «Педагогикалық тапсырмалар» оқу - әдістемелік құралы әзірленіп, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, М. Өуезов атындағы ОҚУ, ОҚМПУ «Физика», «Биология» білім беру бағдарламасы білім алушыларының оқыту үдерісіне ендіріліп, тиімділігі іс-тәжірибеде тексерілді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u> ; 3) <u>жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</u>	Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа және зерттеу жұмысының барысында алынған нәтижелер мен олардың негізінде дайындалған нақты әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау барысында, жалпы білім беретін мектептерде (гимназия, лицейлерде), колледждердің тәжірибесінде, мұғалімдердің біліктілігін көтеру мен қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) <u>орташа</u> ; 3) <u>орташадан төмен</u> ; 4) <u>төмен</u> .	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация академиялық жазу ерекшеліктеріне сай дербес аяқталған жұмыс және объективті түрде жазылған, ғылыми стильді ұстанған, жүйелі құрылымды сақтаған, сілтемелерді жиі қолдана білген. Диссертацияны жазу барысында академиялық жазу ерекшеліктерімен қоса, жауапкершілік ұстанымын басшылыққа алған. Диссертация құрылымы мен мазмұнын ресімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияда кейбір сөйлемдерді стилистикалық жағынан

			жөндеу керек. Алайда аталған ұсыныс диссертацияның құндылығын төмендетпейді және ол кенес ретінде ұсынылады.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		С.К. Кастаевтың диссертациясы аясында жүргізілген зерттеулерінің негізгі нәтижелері талапқа сәйкес тиісті журналдар мен басылымдарда жарияланған. Мақалаларының мазмұны диссертация тақырыбынан ауытқымайды.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы үшін Кастаев Серик Канатовичты 8D013 - Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010300/8D01101 - «Педагогика және психология») мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Кастаев Серик Канатовичтің 6D010300/8D01101 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмысы аяқталған және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптары мен «Дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген талаптарға сәйкес келетіндіктен философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:
Философия докторы (PhD)
Абай атындағы ҚазҰПУ,
Педагогика кафедрасының
аға оқытушысы

